

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қарашадағы N 1172 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" 2003 жылғы 13 қыркүйектегі N 1189 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі туралы ереже;
2) Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне беріле отырып, таратылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне екі вице-министр болуға рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген бөлімде:

тақырыбында ", ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 415-15 жолдағы "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 512-19-жол алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің

мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 мамырдағы N 543 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 17, 184 - қ ұ ж а т) :

тақырыбында және мәтінінде ", ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер алынып тасталсын ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті туралы ережеде:

тақырыбында және мәтінінде ", ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер алынып тасталсын ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

тақырыбында ", ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер алынып тасталсын.

5. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 4

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 1 7 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі туралы ереже

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мәдениет, жастар саясаты, тілдерді дамыту, мұрағат ісі мен құжаттама саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, заңнамаға сәйкес мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындауға өкілеттік берілген Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады. Министрліктің мынадай ведомствосы бар: Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкісі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында заңнамаға сәйкес шоттары б о л а д ы .

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер заңнамаға сәйкес оған өкілеттік берілген болса, Министрлік мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарабы болуға құқылы.

4. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрдің бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Министрлік штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Министрліктің заңды мекен-жайы:
473000, Астана қаласы, Республика даңғылы, 60.

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Министрліктің қызметін қаржыландыру тек қана республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Министрлікке Министрліктің функциялары болып табылатын функцияларды орындау мәнінде кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге т ы ы м с а л ы н а д ы .

Егер Министрлікке кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Министрліктің негізгі міндеттері:

- 1) ұлттық мәдениетті өркендету, сақтау, дамыту әрі тарату;
- 2) Қазақстанның мәдени-рухани дамуының жетістіктері мен үлгілерін насихаттауға бағытталған мәдени акциялар жүргізу;
- 3) мемлекеттік және Қазақстанда бар басқа да тілдердің қолданылуы мен одан әрі дамытылуының тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- 4) мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру;
- 5) мемлекеттік органдардың мәдениет, өнер, жастар саясаты, тілдерді дамыту, мұрағат ісі мен басқаруды құжаттамалық қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесін және құжаттаманың біріздендірілген жүйелерін дамыту саласындағы қызметін үйлестіру болып табылады.

11. Министрлік оған жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) елдің дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес мәдениет, өнер, тілдерді дамыту, сондай-ақ мемлекеттік жастар саясаты саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) тарихи-мәдени мұраның сақталуын қамтамасыз етеді;

3) тарихи, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау, жаңғырту, пайдалану мен насихаттау жөніндегі басшылықты жүзеге асырады, тарих пен мәдениет ескерткіштерін археологиялық және жаңғырту жұмыстарын жүргізуге арналған лицензиялар береді;

4) оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейтеді әрі тереңдетеді;

5) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

6) Тілдерді қолдану мен оларды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасындағы ономастикалық және терминологиялық жұмысты үйлестіреді;

8) Министрліктің құзыретіне енетін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар қызметін үйлестіреді;

9) мәдениет саласындағы өнімдер мен қызметтердің отандық рыногын зерделеу, талдау және болжау жөнінде жұмыс жүргізеді;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыру, сақтау, қамтамасыз ету әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

12. Негізгі міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарға құқылы:

1) Министрлік құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен азаматтардан ақпарат сұратуға;

2) нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ өз құзыреті шегіндегі мәселелер бойынша нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеуге және бекітуге;

3) ұйымдар құру, қайта ұйымдастыру, тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) мәдени құндылықтардың заңсыз әкетілуі мен оларға меншік құқықтарын беруге кедергі келтіруге, сондай-ақ заңнамада белгіленген жағдайларда мәдениет саласындағы қызметті шектеуге;

5) мемлекеттік, ведомстволық, жеке мұрағаттардың мұрағат ісі жөніндегі заңнаманы сақтауын мемлекеттік инспекциялауды жүргізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында оған жүктелген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

3. Министрліктің мүлкі

13. Министрліктің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен қалыптастырылады әрі негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Министрлік теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

14. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Министрліктің оған бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Министрлікке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрлік қызметін ұйымдастыру

16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне тағайындайтын және қызметінен босататын Министр басқарады.

Министрдің Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметіне тағайындайтын және қызметінен босататын екі вице-министр - орынбасарлары болады.

17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады әрі басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттерді орындауы мен өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

18. Осы мақсатта Министр:

1) вице-министрлер мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес әрі өз құзыреті шегінде Министрлік қызметкерлері, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар басшыларын қызметіне тағайындайды және қызметінен босатады;

3) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Министрлік атынан өкілдік етеді;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік қызметкерлеріне көтермелеу, материалдық көмек көрсету шараларын қолданады, және тәртіптік жаза қолданады;

5) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Министрлік құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен оның штат санының лимиті шегінде белгілейді;

7) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

8) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Министрліктің Министрдің жанындағы консультативтік- кеңесші орган болып табылатын алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын Министр бекітеді.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 4

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 1 7 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі

Театрлар

1. "Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

2. "Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

3. "М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

4. "М.Ю.Лермонтов атындағы Орыс мемлекеттік академиялық драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

5. "Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

6. "Н.Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

7. "Ұйғыр мемлекеттік республикалық музыкалық комедия театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

8. "Корей мемлекеттік республикалық музыкалық комедия театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

9. "Республикалық неміс драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

10. "Мемлекеттік қуыршақ театры" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Концерттік ұйымдар

11. "Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

12. "Қазақконцерт" мемлекеттік гастрольдік-концерттік бірлестігі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

13. "Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

14. Қазақстан Республикасының "Салтанат" мемлекеттік би ансамблі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

15. "Қазақстан Камератасы" классикалық музыка ансамблі" республикалық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

16. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

17. "Гүлдер" ансамблі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

18. "Ақ жауын" мемлекеттік камералық оркестрі" республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны

Мұражайлар

19. "Қазақстан Республикасының Президенттік мәдени орталығы"
мемлекеттік мекемесі

20. *Жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 445* қаулысымен .

21. "Алтын және қымбат металлдар мемлекеттік мұражайы" мемлекеттік
мекемесі

22. "Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайы"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

23. "Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
өнер мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

24. "Ықылас атындағы республикалық музыкалық халық аспаптары
мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

25. "Бірегей тиекті музыкалық аспаптардың мемлекеттік коллекциясы"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

26. "Республикалық кітап мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны

27. "Көркемсурет көрмелерінің дирекциясы" республикалық мемлекет
қазыналық кәсіпорны

28. "Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов атындағы мемлекеттік
әдеби-мемориалдық мұражай кешені" республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны

Кино

29. "Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" ұлттық компаниясы"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Тарихи-мәдени қорықтар

30. "Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы" мемлекеттік
мекемесі

31. "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғат қорық- мұражайы"
мемлекеттік мекемесі

32. "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы"
мемлекеттік мекемесі

33. "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және "Абай
әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы" мемлекеттік мекемесі

34. "Көне Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы"
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і

35. "Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғат қорық-мұражайы"
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і

36. "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығы" республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны

Кітапханалар

37. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы" мемлекеттік мекемесі

38. "Жамбыл атындағы республикалық мемлекеттік жасөспірімдер
кітапханасы" мемлекеттік мекемесі

39. "С.Бегалин атындағы республикалық мемлекеттік балалар кітапханасы"
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і

40. "Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық
кітапхана" мемлекеттік мекемесі

40-1. Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық
кітапханасы <*>

Мұрағат ұйымдары

*Ескерту. Бөлім және 41-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N
445 қаулысымен .*

41. <*>

Өзге де ұйымдар

42. "Қазақстан Республикасында Мәдениет пен өнерді қолдау мемлекеттік
қ о р ы " мемлекеттік мекемесі

43. "Қазақ мәдениет пен өнертану ғылыми-зерттеу институты"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

44. "Республикалық және халықаралық мәдени бағдарламалар дирекциясы"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

45. "Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

46. "Материалдық мәдениет ескерткіштерінің ғылыми-зерттеу және жобалау
институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

47. "Республикалық мемлекеттік жөндеу-құрылыс және жаңғырту
басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

48. "Республика сарайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

*Ескерту. Тізім 40-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.23. N
461 , 20-жол алып тасталды - 2004.10.14. N 1051 қаулысымен.*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

24

қарашадағы

N

1172

қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 500 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 16, 164-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен бекітілген Үкіметтің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 22-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік музейі" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 ақпандағы N 275 қаулысының 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 9-10, 104-құжат).

4. "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 наурыздағы N 449 қаулысының 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 17, 175-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қыркүйектегі N 1477 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 41, 478-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 қазандағы N 1620 қаулысы 4-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 44-45, 527-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1626 қаулысы 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 44-45, 531-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы"

мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 қаңтардағы N 67 қаулысы 5-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 3, 26-құжат).

9. "Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығын коммуналдық меншікке беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қарашадағы N 1479 қаулысы 3-тармағының 1) тармақшасы.

10. "Қазақ мемлекеттік циркі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын республикалық меншіктен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 сәуірдегі N 417 қаулысы 4-тармағының 1) және 3) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 11, 106-құжат).

11. "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының академиялық классикалық би ансамблі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулысының 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 3, 41-құжат).

12. "Көркемсурет көрмелері мен аукциондар дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі N 651 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 28, 270-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 500 және 2000 жылғы 28 наурыздағы N 449 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 654 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 28, 271-құжат).

14. "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің "Ақ жауын" мемлекеттік камералық оркестрі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 836 қаулысы 3-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 34, 341-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 тамыздағы N 872 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 35, 356-құжат).

